

№44 Ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектебі бойынша
кітапхананың 2022-2023 оқу жылындағы «Оқуға құштар мектеп»
жобасының жылдық жұмысының талдамасы.

Мектеп кітапханасы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасады.

Іс номенклатурасы бойынша әдебиетке жазылуды рәсімдеу және есепке алу туралы құжаттар жазылуда. Оқырмандар формулярларымен жұмыс жүргізілуде.

2022-2023 оқу жылының басында оқу процесіне қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету мақсатында, мектеп оқушылары мен мұғалімдері ҚР-ның Білім және ғылым министрлігінің заңдық күшіне енген оқулықтармен қамтылды.

Аталған оқу жылында қыркүйек айында мектеп кітапханасы қорына жаңа 62 дана оқулық қабылданды, қабылданған оқулық - 118,132 (жүз он сегіз мың жүз отыз екі теңгені) құрайды.

2022жылдың 5 қыркүйек күні А.С.Пушкин атындағы қалалық кітапханасында Қазақстан халқы тілдер күніне орай, әдебиет зерттеуші ғалым, ақын, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы» атты дөңгелек үстелге қатыстым.

Қазан айында 103 дана жаңа көркем әдебиеттер қабылданды, қабылданған жаңа көркем әдебиеттер – 380,484 (үш жүз сексен мың төрт жүз сексен төрт) теңгені құрайды. Алынған оқулықтар мектеп қорына тіркелінді.

Қараша айында – 4380 (төрт мың үш жүз сексен) теңгені құрайтын қаражатқа мектеп ұжымына І жартыжылдығына Республикалық «Білімді ел» атты газетіне жазылу жұмысы ұйымдастырылды. Аталған басылымдар мектеп кітапханасында түптеулі.

Мектеп кітапханасында 1242 дана көркем әдебиеттер бар, қазан айында 103 дана жаңа көркем әдебиеттер қабылданды. Барлығы көркем әдебиеттер -1242 дана, оның 809 данасы - қазақ тілінде, ал - 420 данасы орыс тілінде, 13 дана - шет тілінде. Оқулықтар – 6218 санын құрайды, оның 2551 данасы - қазақ тілінде, 3359 данасы - орыс тілінде, 308 данасы-шет тілінде.

Сонымен қатар оқулықтар сыныптарға бөлініп, жаратылыстану және қоғамдық гуманитарлық бағыттар бойынша реттеліп сөрелерге орналастырылды.

Жоспарға сәйкес 2 қазан күні қазақтың батыр қызы Маншук Маметованың туғанына 100 жыл толуына орай, «Қаһарман қызы қазақтың» атты іс-шара оқушылардың қатысуымен ұйымдастырылды.

Мақсаты- Оқушылардың Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің маңыздылығын ұғыну, патриоттық сезімін ояту, Отан сүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа баулу.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы қолға алынып, оқырмандардың құзіреттілігін дамытып, көркем шығармаларды жаңғырту мақсатында мектеп кітапханасы жаңа көркем әдебиет кітаптарымен толықтырылды.

2022жылдың 11 қараша күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында 7 класс оқушылары арасында көркем әдеби кітаптармен жұмысты ұйымдастыру іс-шарасы өткізілді.

Мақсаты - жаңа көркем әдеби кітаппен таныстыру, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқу белсенділігі мен оқу сапасын арттыру.